



## «Жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша цифрлық оқытудың өзекті мәселелері»

### халықаралық ғылыми-әдістемелік вебинары

#### Баспасөз хабарламасы

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарының қашықтан оқуға өтуіне байланысты цифрлық оқытудың өзектілігі арта түсті. Жаратылыстану-ғылыми пәндерін цифрлық оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл орта мектеп пен жоғары оқу орындарында жаратылыстану пәндері бойынша цифрлық оқытудың даму тенденцияларын, олардың өзара байланыстары мен ықпалдастықтарын талдауды қажет етеді.

Аталған салада тәжірибе алмасу және қашықтан оқытуды ұйымдастырумен танысу мақсатында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Мәскеу қалалық педагогикалық университетімен бірлесіп, 2020 жылдың 9 сәуірі сағат 13.00-де (10.00 Мәскеу уақыты) жаратылыстану-ғылыми бағытындағы жетекші ғалымдар мен оқытушылардың қатысуымен халықаралық ғылыми-әдістемелік вебинар өткізеді.

Вебинар барысында жаратылыстану-ғылыми білім берудегі цифрлық технологиялар, географиялық білім беруді цифрлық трансформациялау, қашықтан оқыту үдерісінде оқытушы мен білім алушының өзара оқу іс-әрекеттері, қашықтан оқытуда білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың өзекті мәселелері талданатын болады.

*Вебинар модераторы:* Абай атындағы ҚазҰПУ-дың бірінші проректоры Мақтағали Бектемесов.

*Спикерлер:* Мәскеу қалалық педагогикалық университеті Жаратылыстану және спорт технологиялары институтының биология және адам физиологиясы кафедрасының меңгерушісі, профессор Суматохин Сергей Витальевич; Мәскеу қалалық педагогикалық университеті Жаратылыстану және спорт технологиялары институтының география және туризм кафедрасының меңгерушісі, профессор Шульгина Ольга Владимировна; Абай атындағы ҚазҰПУ Жаратылыстану және география институтының география, экология және туризм кафедрасының доценті

Карбаева Шолпан Шайкеновна және химия кафедрасының докторанты  
Ногоев Юсуп Якубович.

Вебинар туралы барлық ақпаратты университеттің Call-орталығы  
арқылы білуге болады. Тел.: 8 (727) 221 85 14.